



Игілікті істің басы-қасынан табылу - әр азаматтың парызы. «Солтан қожа кесенесінің іргетасы құйылады екен» деген хабардан құлақтанған жұрт 21 мамыр күні Қылдыкөл етегіндегі «Атам зираты» басына ағылды. Енді әңгімені әрі өрбітпестен бұрын оқырманға Солтан қожа атамyz жайлы біраз мағлұмат бере кетейік.

Әйгілі Исабек ишанның немересі Мұхамедсолтан Нұрмұханбетұлы 1896 жылы өмірге келген. Ел іші оны Солтан қожа деп атап кеткен. Солтан қожа Ақкөл Жайылма өңіріндегі Басқамыс ауылында тұрды. Жас күнінде Уфа қаласында діни білім алған. Кеңес өкіметі орныққан соң, шаруашылық жұмыстарына қатысқан. Дінге тыйым салынған сол заманда ол мұсылмандық парызына адал болып, қожалық құрған. Әулие аталарының қасиеті бойына дарыған Солтан қожа төңірегіне имандылық нұрын шашып, ел арасында ақыл-парасаты, әділдігі, көріпкелдігімен танылды. Аузы дуалы қожа телі мен тентекті жөнге салып, шырқы бұзылған отбасын түзеп, бітімгер бола білді. Тірісінде кісілігіне көлеңке түсірмей, елді аузына қарата білген қожа ата 1962 жылы дүниеден өтерінде Исабек ишан шөбересі Жандарбек қожаға жолын беріп, таяғын ұстатқан екен.

Солтан қожа кесенесін көтеруге аймағымызға белгілі азаматтар Әбілқақ Түгелбаев, Зекен Құсайынов,

Солтан қожа кесенесі салынады

Абызбай Адамов, Жұмабек Қамзатөре және т.б. ұйытқы болып отыр. Кесене жобасын сызған Жұмабек Қамзатөренің айтуынша, күмбезін қоса есептегенде, кесененің биіктігі 8 метр болмақшы. Мұның өзіндік мәні бар көрінеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын бой түзеген Исабек ишан кесенесінің биіктігі 9 метр, Жандарбек қожа кесенесінің биіктігі 7 метр екен. Кесене қабырғасы ақ силикат кірпіштен қаланады.

Жалпы, құрылыс жүргізу үшін қаражат қажет екені тағы белгілі. Осы орайда жомарт кәсіпкерлер Тасболат пен Бекболат Әбуғожиновтар, Таһир мен Шухрат Ибрагимовтар демеушілік жасауды ұйғарыпты. Солтан қожа ұрпақтары мен «Ақжол» фирмасы басшысы Сабыржан Ақтаев та шама-шарқынша үлес қоспақшы. Сауабы мол істен төңіректегі ел-жұрт та қалыс қалмасы анық.

Ақтоғай кентіндегі Жандарбек қожа мешітінің имамы Ахметолла қажы Қожахметов дұға оқып, жиналған қауым бет сипаған соң, Солтан қожаның баласы, жасы жетпістен асқан Рапық қожа кесене іргетасын құю рәсімін бастап берді. Осыдан кейін маңайдағы Ақкөл,



Суретті түсірген В.Фадеев

Басқамыс, Қаражар, Талдықамыс және т.б. ауылдардан келген үлкен-кіші қолға күрек алып, білек сыбанып жұмысқа

кірісті. Алла сәтін салса, кесене құрылысын ораза айының ішінде аяқтау межеленіп отыр.



Солтан қажы кесенесі салынуда

Ж.СӘДУАҚАС

Әулиелі Ақкөлге алғаш рет бет алған адам ат басын алдымен Қылдыкөлдегі «Атам зиратына» бұрады. Қала әкімі Қайрат Нүкенов те Ақкөл ауылдық округіне жасаған жұмыс сапарын осы киелі мекеннен бастады. Ана бір жолы жанымыздай, мұнда қазір Солтан қажы кесенесінің құрылысы қызу жүріп жатыр. Сауабы мол істің ұйытқысы болып, құрылыстың басы-қасында жүрген қайраткер азаматтар Зекен Құсайынов, Әбілқаж Түгелбаев, Жұмабек Камзин, Қанат Жандарбеков қала басшысына Ақкөл Жайылма қожаларының ата тегі, ел ішінде мұсылмандықты таратуда сіңірген еңбегі, әулие-әмбиелік қасиеттері жайлы баяндап берді. Осыдан кейін Исабек ишан мен Жандарбек қожа кесенелеріне тәу етіліп, құран оқылды.

Айтпақшы, қасиетті мекеннің, әулиелердің тарихын түгендеп жүрген азаматтардың бірі - Әбілқаж Балғабайұлы сөз арасында осы маңдағы Итібай ауылының ескі жұртынан Исабек хазірет үйінің орны табылғанын, алдағы уақытта ол жерге белгі орнатылатынын айтып өтті. Ал Солтан қожа кесенесі құрылысын қасиетті Рамазан айы ішінде аяқтау жоспарленіп отыр. Жұмабек Камзиннің айтуынша, мұнда кірпіш қалаудың ерекше әдісі қолданылу үстінде. Мұндай әдісті сонау XII ғасырда саманидтер Бұхара шаһарында қолданыпты.

Ақкөл ауылында қала әкімі Исабек ишан музейінде болып, жәдігерлермен танысты. Сонымен қатар, әлеуметтік нысандарды аралап шықты. Ауыл клубы мен жергілікті мектеп іші жарқырап тұр. Мектептің бір қанатында орналасқан шағын орталықта 20 балдырған толыққанды тәрбие алуда. Атап өтерлігі, клуб та, білім ошағы да 2013-2014 жылдары күрделі жөндеуден өткізілген, материалдық базалары жаңартылған. Яғни, оқушыларға терең білім беруге, ауылда мәдени іс-шараларды мазмұнды ұйымдастыруға толық мүмкіндік бар.

Соңғы жылдары Ақкөл ауылының келбетін айшықтаған асхана мен «Жайылма жазирасы» саябағының игілігін халық көріп отыр. Десек те, саябақ күтімі қала әкімінің көңілінен шықпады. Расында да, біршама ағаш мезгілінде суарылмағандықтан құрап қалыпты, ал аспалы шамдар жарық бермей тұр. Гүлзарларға гүл әлі егілмепті. Қала әкімі Қайрат Теміршотұлы ауыл әкімі Бахтияр Ақтаевқа кемшіліктерді жойып, шаруаны реттеуді тапсырды.

Айтпақшы, саябақты күтіп ұстауды Зеленая роща ауылынан үйренуге болады. Жеңістің 70 жылдығында өз қаражатына «Тағзым» монументін орнатып, саябақ жасап, абаттандырған «Табыс» шаруа қожалығының иесі, қалалық мәслихат депутаты Манат Алғамбаров саябақ күтімін әлі қадағалап келеді. Үнемі суарылғандықтан, мұнда егілген 70 түп ағаштың 68-і желек жамылып тұр.

Зеленая роща ауылы тұрғындары жаңа мектеп салынуын күтіп жүргелі біраз жыл болды. 1963 жылы салынған, қазір ескірген мектеп бүгінгі күн талабына сай емес. Ақиқатын айту керек, 100 оқушыға лайықтанған жаңа білім ошағының жобалық-сметалық құжаттамасын алу, мемлекеттік сараптамадан өткізу созылып кетті. Және құжаттар әзірленген күнде де елуден сәл асатын шәкірт үшін жаңа мектеп салуға қазынадан қаржы бөліне қою да екіталай. Көңіліндегі осы қауіпті жеткізген қала әкімі Қайрат Нүкенов: «Бәлкім, қаражат бөліп, осы мектептің сыртын қаптап, жеке спорт зал салып, қазандығын бөлек көшірсек қайтеді?» - деген ойын айтты. Әрине, бұл табан астында шешім қабылдайтын шаруа емес, түпкі ұйғарым кейінірек белгілі болады. Ал Манат Қажыбекұлының «Ауылда жастар көп. Спортпен шұғылдануды ұнатады. Жасанды жабындылы футбол алаңын салуға көмек көрсетсеңіз», - деген өтінішін қала басшысы бірден құп көрді. «Қаржы қарастырамыз, бірақ сіз де қаражатпен көмектесіңіз», - деді Қайрат Теміршотұлы. Солай келісілді де. Айтпақшы, осы тұста биліктің қаперіне сала кететін бір мәселе бар. Былтырғы жылы бюджет қаржысына Ақкөл ауылында жасанды жабындылы футбол алаңы салынып еді. Мердігер жауапсыз, бақылау кемшін болды ма, әйтеуір, жұрттың сөзіне сенсек, сол алаң әлі доп тебуге жарамайтын көрінеді.

Ауыл халқы ауызсуды құдықтардан алады. Былтыр мұнда жерасты суы барланыпты. Алайда су кермек дәмді. Сол себепті де оны тұщыландыратын КБМ қондырғысын орнату керек екен. Әйткенмен де, КБМ орнатып шектеулі суға қарап қалғанша, ұңғыма жіберіп жерасты суының мол қорын тауып, қарық болған дұрыс сыңайлы. Осы тұрғыда ой өрбіткен қала басшысы мәселені

әлі зерделей түспекші. Өз тарапымыздан қосарымыз, ана бір қаржы тапшы, қиын жылдары КБМ қою шешімі жөн де болған шығар. Қазір жағдай өзгерді емес пе? Ауыл-ауылға ауызсу құбырын тартатын уақыт болды. Мол суға қолы жетсе, ауыл халқы көкөніс пен картоп



«Тағзым» монументі

егіп, ырыздығын көрер еді.

Қала әкімі «Табыс» шаруа қожалығының тыныс-тіршілігімен де танысты. Қожалық иесі мал өнімін өткізу, техника жаңалауда мемлекет қолдауын көріп келе жатқанын, жалпы, мал өсіргісі келетін шаруа үшін тиімді мемлекеттік бағдарламалар бар екенін айтты.

Ақкөл ауылдық округі - өңірдегі әлеуеті мықты округ. Сол округке танысу мақсатында жасаған сапарынан қала әкімі алдағы уақытта іске асырылатын іс-шараларды таразылап қайтты.

Суретті түсірген В.Фадеев